

**"Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 21 ақпандағы № 111 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және көрсетілген қаулымен бекітілген олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесінде:

"4. Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі коммуналдық меншіктегі заңды тұлғалар мен олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлері" деген бөлім мынадай мазмұндағы 27-жолмен толықтырылсын:

"

27.	Басқа топтамаларға енгізілмеген кредиттеудің өзге де түрлері	64.92.9
-----	--	---------

".

ескертпе мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"\*\*\* 4-бөлімнің 27-тармағында көрсетілген қызмет шағын өнеркәсіп аймақтарына кредит беру мақсатында Қазақстан Республикасының әлеуметтік кәсіпкерлік корпорацияларының қызметімен шектеледі."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

О. Бектенов